

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS

ӘӨЖ 930.1

MPHTI/IRSTI/FTAMP: 03.09

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5461.25>

М.Алиев^{1*}, Х.Сутеева²

¹ Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институтының PhD студенті,

Алматы қ., Қазақстан, E-mail: amels@list.ru

² т.ғ.д., профессор. Абай атындағы ҚазҰПУ.

Алматы, Қазақстан, E-mail: suteeva5@mail.ru

ӘЛ-ФАРАБИ МЕН ИБН ХАЛДУН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ПЕН ӘДІЛЕТТІЛІК МӘСЕЛЕСІНЕ ТАУХИДТЫҚ КӨЗҚАРАС

Аңдатпа

Бұл мақалада С.М. Бациеваның «Историко-социологический трактат Ибн Халдуна «Мукаддима»» атты монографиясының негізгі ұстанымын сыни көзқараста талдай келе, ортағасырлық ірі ғалымдар Әл-Фараби мен Ибн Халдун еңбектеріндегі мемлекеттілік пен әділеттілік мәселесі таухидтық тұрғыдан қарастырылады. Осы ортағасырлық ғалымдардың мемлекет пен әділеттілік туралы ой-толғамдары мен тұжырымдары жүйесінің түп-негізгі мен қайнар көзі өз бастауын қайдан алатындығына үңіліп, оған ғылыми баға беруге тырысады. Бүгінгі таңда Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы» трактаты мен Ибн Халдунның «Мұхаддімаһ» атты еңбегіндегі «Идеалды қоғам құру» концепциясын тек саяси-әлеуметтік тұрғыдан ғана қарастыру – осы тұжырым аясын тарылтып, ондағы кейбір мәселелерді дұрыс түсіну мен қабылдауға кедергі келтіретіндіктен таухидтық-теологиялық көзқарастың да қалыптасуына түрткі болып отыр. Өйткені, күллі әлемге Ислам ғалымдары атпен танымал аталмыш әмбебап ғалымдардың ой-пікірлерін тек қазіргі кездегі саясаттану мен әлеуметтану, тарих пен философия секілді ғылымдар шеңберінде шектеп қою үлкен қателікке жол ашады, өйткені олардың ой-тұжырымдары өз бастауын Құраннан алып, Таухидке тірейді. Сондықтан олардың еңбегі таухидтық көзқарасқа сүйене отырып, заманауи теориялар аясында діни-теологиялық тұрғыдан жаңаша талдануы тиіс.

Кілт сөздер: Таухидтық көзқарас, материалистік көзқарас, иман, имам, Қайырымды қала басшысы, мемлекет, билік.

Алиев М.^{1*}, Сутеева Х.²

¹ PhD студент 2-го курса Института Истории и Права,
КазНПУ имени Абая. Алматы, Казахстан, E-mail: amels@list.ru

² д.и.н., профессор. КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан.

E-mail: suteeva51@mail.ru

ТАУХИДСКИЙ ПОДХОД К ПРОБЛЕМЕ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ И СПРАВЕДЛИВОСТИ В ТРУДАХ АЛЬ-ФАРАБИ И ИБН ХАЛДУНА

Аннотация

В этой статье, на основе критического анализа основной позиции исследователя С.М. Бациевой, изложенной в монографии «Историко-социологический трактат Ибн Халдуна «Мукаддима», с таухидской точки зрения рассматривается проблема государственности и справедливости в трудах крупнейших средневековых ученых Аль-Фараби и Ибн Халдуна. Эти средневековые ученые, в своих трудах пытались рассмотреть истоки возникновения государства и справедливости и дать им научную оценку.

На сегодняшний день рассмотрение только с политико-социальной точки зрения концепции «построения идеального общества» в трактате Аль-Фараби «О взглядах благотворительных горожан» и в труде Ибн Халдуна «Мукаддима» сужает сферу их утверждений и препятствует правильному пониманию и восприятию некоторых рассматриваемых ими вопросов. Это и явилось толчком к формированию таухидско – богословского подхода к рассмотрению этих их взглядов.

Изучение и оценка взглядов этих универсальных ученых, известных во всем мире как исламские ученые, только в рамках современной политологии и социологии, истории и философии, есть допущение большой ошибки, так как их рассуждения берут свое начало в Коране и опираются на Таухид. Поэтому их труды должны быть проанализированы, опираясь на таухидский подход, в рамках современных религиозно-теологических теорий.

Ключевые слова. Таухидский взгляд, материалистический взгляд, вера, имам, глава благотворительного города, государство, власть.

¹ Aliyev Mels*, ² Suteeva Khanzada

¹ KazNPU named after Abay. PhD student of 2-nd course,
Almaty, Kazakhstan, E-mail: amels@list.ru

² KazNPU named after Abay. Doctor of Historical Sciences, professor.
Almaty, Kazakhstan, E-mail: suteeva51@mail.ru

THE STATEHOOD AND JUSTICE FROM TAWHID'S VIEWPOINT IN AL-FARABI AND IBN KHALDUNS' WORK

Abstract

This article presents a critical analysis of the main discourse of Batsieva's monograph named "Historic-social tractate (treatise) of Ibn Khaldun "Muqaddimah"" , and also considers from Tawhid's (The Divine Unity's) point of view the statehood and justice issues in an important medieval scientists Al-Farabi and Ibn Khalduns' works. It tries to give an assessment in academic context to the system of thoughts and concepts of these medieval scientists in order to find out their original sources.

Nowadays, unfortunately the concept of "ideal society" in Al-Farabi's "Treatise on the views of the residents of the virtuous city" and Ibn Khaldun's "Muqaddimah" is mainly considered from political and sociological point of view. It is mainly a subject of discussion of specific sciences like History, Sociology and philosophy. As a result, the area of this concept is narrowed and made difficult to understand and accept some issues. Therefore, it is important to examine this issue from theological, Divine Unity's point of view.

As we've mentioned above this article is an attempt to trace an understanding of the foundations and origins of the footsteps of these outstanding Islamic scientists' thought system, in which they deal with ideas linked to "ideal society". The Quran is a starting point for their thoughts, the base of their ideas lays on Tawhid (Divine Unity), that's why the restriction of their views' scope within a particular subject will result in misunderstanding. Therefore, we think that it would be better if their works are discussed according to Divine Unity and analyzed within a theological framework consisting contemporary approaches. On this way, the priority would be given to religious and theological aspects rather than historical or philosophical aspects of their works.

Keywords: Tawhid's point of view, the point of view according to Divine Unity, Materialism, Iman (belief), Imam, Leader of virtuous city, The state, The authority

Кіріспе. Әл-Фараби мен Ибн Халдунның еңбектерін материалистік әрі ахрониялық тану мен ұғыну олардың діни түсініктерін қате қабылдауға жол ашады. Түркияның алғашқы әлеуметтанушыларының бірі Фындыкоғлының пікірінше, Ибн Халдунның ғылым мен дінді түсінуі жайындағы ориенталистік әдебиеттерде негізінен екі түрлі пікір қалыптасқан. Бірінші пікір, Ибн Халдун талқылайтын әрбір әлеуметтік феномен Қасиетті Құранмен, тиісінше Құдайдың ерік-қалауымен тікелей байланысты. Екінші пікірді жақтаушылардың ұстанымы, Ибн Халдунның озық үлгідегі ислами білімі мен шынайы мұсылманшылығы, оның әлеуметтік феноменді реалистік тұрғыдан ақыл мен тәжірибеге сала отырып зерттеуіне, түсіндіруіне қатысы жоқ. [1, 69-71] Біздіңше, бұл екі жағдайда да, Ибн Халдунның мұсылманшылығы мен Ислами түсінігіне қатысты еш шүбә туғызбаса керек.


Алайда, Бациева С.М. өзінің «Историко-социологический трактат Ибн Халдуна «Мукаддима»» атты еңбегінде Ибн Халдунның «Мұқаддімаһ» еңбегін кеңестік идеология аясында, Маркс пен Ленин ілімінің

таптық қоғам көзқарасы тұрғысынан қарастыру керектігін баса айтады. [2, 3-4] Тіпті, Ибн Халдун өз еңбегінде діннен гөрі материалистік көзқарас ұстанған деп, сонысын дәлелдеуге тырысады. [2, 216]

Біздің ойымызша, Әл-Фараби мен Ибн Халдун секілді ортағасырлық ислам ғалымдарына тек батыстық өркениеттің «суық» ақылымен немесе кеңестік кезеңнің идеологиялық көзілдірігімен қараған сайын, оларды түсіну қиынға соғады. Керісінше, Ислам дінінің дүрбісімен назар салынса, көп нәрсе жеңілдеп, айқындала түспек. Себебі: 1) Әр істі өз маманына тапсыру керек, яғни Бациева қанша жерден арабист ғалым болғанымен, Ислам дінтанушысы немесе Ислам ғалымы болмағандықтан, бүгінгі тілмен айтқанда «Асхананың ішкі жайын» білмей тұрып, Ислам дінін ұстанушы аталмыш ғалымдарға дұрыс баға беруі екіталай. 2) Түсініктегі қайшылық, яғни Ислами түсініктегі ғалымдардың еңбектерін материалистік көзқарас өкілдерінің дұрыс түсініп, оң баға беруі, біздіңше қисынсыз; 3) Ахрониялық қателікке жол берілмеуі керек, яғни ортағасырлық Ислам өркениеті өкілдеріне кеңестік идеология аясындағы көзқарастың уақыт шеңберіне байланғандығын ескеру керек. 4) Ибн Халдунның ««Мұқаддімәһ» атты еңбегінің Бациеваның кезінде де, қазіргі уақытта да орысша аударылған толық нұсқасы жоқ екендігін ұғына отырып, контекстен концепцияны, түпнұсқадан тайып кеткен күмәнді де тұманды тұжырымдарды суыртпақтаудың болатындығын ескерген жөн. Тенеу сөзбен айтқанда, бүгінгі күні біздер «Орта ғасыр көшінің керуенін бастаған түйелерді, бүгінгі саяхатшыларға емес, қасапшыларға тапсырғандаймыз».

Дегенмен ортағасырлық ислам ғалымдары, соның ішінде Әл-Фараби мен Ибн Халдун да өз еңбектерін ислам діні аясында, дінмен байланыстыра отырып жүргізгендігі белгілі. Бұл жайында, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің PhD докторы Ы.М. Палтөре өз мақаласын былай қорытады: «Қорыта айтқанда, Әбу Насыр әл-Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты шығармасында қоғамдағы тұрғындардың қал-жағдайын реттеу, бағынушы мен басшы арасындағы қарым-қатынастар діни мәтіндер, Құран аяттары аясында түсіндіріледі. Айтылған ой-тұжырымдардың бәрі де адам мәселесі төңірегінде тоғысып, діни мәтіндермен ұштасатын идеялармен өріледі. Олай болса, Әбу Насыр әл-Фарабидың шығармалары діни мәтіндер аясында алдағы уақытта әлі де тереңірек ғылыми талдау жасауды қажет ететіндігін аңғартады». [3, 9]

Осы тұрғыдан алғанда, Осман Шимшекпен баспаға даярланған “Tevhidi Düşünce” ve “Toplum Felsefesi” атты кітапта ислам ғалымдары Әл-Фараби мен Ибн Халдунның тұжырымдары таухид тұрғысынан талданады. Екі ғалымның да өз еңбектерін Жаратушыдан таратып жазатындығын ескерсек, ендеше бұл біздіңше дұрыс шешім. Ол бойынша, көзқарастар материалистік және таухидтік болып ажыратылып, төмендегі суреттегідей жіктеледі. [4, 57]



Зерттеу материалдары мен әдістері. Бүгінгі таңда, батыстық эпистимологияда әртүрлі әдіснамалар мен әрқилы парадигмалар болса да, олар негізінен біржақты көзқараста болып келеді. Әрі мұндай сынаржақты көзқарас баяғыдан бері тығырыққа тірейтін тұйық шеңберге айналып үлгерген еді, ал бұл шеңбер құрсауынан тек сыни талдау мен жаңаша көзқарас арқылы шығуға болады. Қазір кезде жаңаша онтологиялық дүниетаным мен тиісінше соған лайықты эпистимология заманы келді. Яғни, әл-Фараби мен Ибн Халдун секілді ислам ғалымдарының еңбектерін қарастыру барысында, тек батыстық немесе материалистік көзқарастағы пікірлерге сүйене бермей, бір уақыт ислами шеңбердегі таухидтық көзқарасқа да жүгінген жөн. Сондықтан да, біз осы мақаланы жазу барысында, әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы» трактаты мен Ибн Халдунның «Мұқаддімәһ» атты еңбегін таухидтік көзқарас аясында салыстырмалы түрде қарастыруға тырыстық.

Талқылау. Ибн Халдунның «Илм Әл-Ғұмран» еңбегінің көзге түсер ерекшелігінің бірі әлеуметтік өзгерістің динамикасын түсіндіруде барынша ақыл-ойға сүйенуінде және физикалық әлемді негіздеуде материялық шарттарға мән беруінде жатыр. Дегенмен бұл айтылғандар Ибн Халдунның ғылыми тұжырымдарының бірегей негізіне, қайнар көзіне жатпайды, өйткені ол ислам дінінің дәстүрлі түсінігіндегі Аллаһтың бәрінен құдіреттілігін білдіретін «Таухид» ұғымын, өзінің жаңа ғылымының онтологиялық негізі ретінде кеңінен қолданады. [5, 418]

Бациева секілді Ибн Халдунның «Илм Әл-Ғұмран» еңбегінің ғылыми тұжырымдарына тек физикалық аспекті тұрғысынан ғана қарайтын зайырлы әрі позитивистік көзқарас, мейлінше тар әрі сынаржақты болып табылады. Мұндай тар түсінік оқиға мен заттардың бастапқы қозғаушы күші болып табылатын метафизикалық фактордың маңыздылығын ескере бермейді. Түптеп келгенде, метафизикалық жағдай мәтіннің мағынасында, тіпті, кей жағдайда тікелей көрініс тапқан. Ибн Халдунның басты ғылыми тұжырымы үш дінге тік үстіне құрылған деуге болады: а) Ғаламды жан-жақты, мейлінше толық талдап түсінуге тырысу; ә) Тарихи саналылық пен хақиқи түсінік; б) Қоғам мен әлеуметтің метафизикасы. Осы үш фактордың өзара байланысы «Илм Әл-Ғұмранда» жүйеленген және ондағы негізгі ұсынылатын қағида да дәстүрлі ислам ұғымындағы «Таухид» мәселесі.

Зерттеу нәтижелері. Әл-Фараби мен Ибн Халдунның еңбектерінде адамзат баласының әлеуметтік ұйымы немесе қоғамдық ұйымдасуы қажетті құбылыс, мұқтаждық ретінде қарастырылады.

Мысалы, әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы» трактатында: «Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ал мұны ол жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді» - деген . [6, 135]

Бұл жерде, Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактаттың Түсініктемелер бөліміндегі 19-шы түсініктемеге сүйенсек және Бациеваның пікірінше, сириялық тарихшы әрі әдебиеттанушы К. Айадтың Ибн Халдун ілімін алдыңғы қатарлы орта ғасыр философтарымен байланыстыра зерттеуге тырысқанын ескерсек әрі әркім өзіне дейінгілердің іліміне сүйенетінін түсінсек, ендеше Ибн Халдунның әңгіме етіп отырған философтарының қатарында Әл-Фарабидің де болуы заңдылық. [2, 98]

Дегенмен, Ибн Халдун өзіне дейінгі философтардың пайғамбарлар болмысы мен халықты шектеуші күштің болуын мантик пен қисынға сүйене отырып, болуы тиіс құбылыс ретінде дәлелдеуге тырысқандығымен келіспейтіндігін айтып, пайғамбарлықтың бар болуы мантик пен қисыннан гөрі діни заңдармен анықталатындығын әрі оларға жетістік пен тура жол тікелей Аллаһтан көрсетілетіндігін баса айтады. [7, 215-216]

Ал, Ахмет Дәуітоғлының пікірі бойынша «... Исламдық теоцентристік космологияның негізгі қағидасы - бұл таухидке негізделген Лә илаһә иллә Аллаһ және оның басты тұжырымы да - Аллаһ. [8, 46]

Біздің ойымызша, ислам дініндегі таухид сенімі Ибн Халдун әдіснамасының негізгі ұстанымы. Ибн Халдунның пікірінше, Аллаһ - заттар әлемі мен құбылыстар әлемінің басталуына қатысты бұйрықтың иесі. Құдайсыз тіршілік болмайтын, тіршіліксіз әлем болмайтынын, ал әлем жаратылмаса, адамның да болуы екіталай екенін, ал адамсыз қоғам, қоғамсыз ғұмран болмайтынын түсінген жөн. Ал Ибн Халдун өз «Мұхаддімаһ» атты еңбегінде бұл туралы былай дейді: «Адамзаттың әлеуметтік бірлесуі қажетті әрі заңды құбылыс. Философтар бұл жағдайды: «Адам жаратылысынан саяси, әлеуметтік болмыс деп қарастырады. Яғни, әлеуметтік ұйымсыз, топтасусыз өмір сүре алмайды, философтар бұны қала, полис, мәдениет деген терминдермен сипаттап жүр. Өркениет дегеніміз де осы» деп айта келе, әл-Фарабидің тұжырымымен үндесетін пікірін былай жеткізеді: «Аллаһ адамды өмір сүруі үшін ризық пен азыққа тәуелді етіп, сол азыққа ұмтылатындай қалау мен ерік беріп, сондай-ақ, сол азығын тауып жейтіндей күш пен жігер берген күйде жаратқан. Алайда, жеке бір адамның өз мұқтажына жетерліктей азық табуына күш-жігері жок, өмір сүруіне қажетті азықты толық қамтамасыз ете алмайды. Тіпті, егер де біз бір күнге ғана жететін, ең аз мөлшердегі азықтың өзін алсақ, мысалы, азғантай бидай делік, осы болмашы мөлшердегі азықтың өзін әзірлеуге, ұнтақтау, ашыту, пісіру үшін көп күш жұмсар едік. Осы үш шаруаның өзіне ыдыс пен құрал-сайман керек, ал олар өз кезегінде көптеген темір ұстасы мен ағаш ұстасы, құмырашы секілді көлөнер шеберлерінің болуын қажет етеді. Ал енді, әлгі жалғыз адам ол бидайды әзірлемей-ақ жей береді десек, онда ол бидайды табуы үшін одан да көп шаруа мен қызмет, күш жұмсау қажет болады. Егінді егу, жинау, масағынан дәннің қауызын бөліп алып, кебегін бөлек, дәннің бөлек аршып-тазалау. Ал бұл шаруа үшін алдыңғы айтқан көлөнер бұйымдары мен шеберлерінен де көп құралдар мен шеберлер қажет. Ал бұл шаруаның бәрін атқару жеке адамның қолынан келмейді, қабілеті де жок. Міне, сондықтан да бұл іс көптеген күштердің бірігуі нәтижесінде, жұмыла отырып жеке адамның өзіне де, өзге де

адамдарға да азық табуына жағдай жасауынан болады. Тек жұмыла көтерген жүк жеңіл дегендей, бірлесу, одақтасу арқылы көптеген адамдардың азыққа деген мұқтаждығы өтеліп, тіпті, өздерінің санынан да көп, өздерінен артылып қалатындай мөлшерде азық табуына жол ашылады». [7, 213]

Осындай таухид негізінде қоғам болып ұйысу мәселесін тереңірек түсіну үшін, әл-Фараби мен Ибн Халдунның мемлекет пен билік бөлінісі жайындағы еңбектерін саластыра қарастырған жөн. Бұл төмендегі кестеде (кесте-1) көрсетілген.

Кесте–1. Әл-Фараби мен Ибн Халдун еңбектеріндегі мемлекет пен билік мәселесіне салыстырмалы көзқарас.

Тұжырым	Өмір сүру ұзақтығы	Өркендеу себебі	Құлдырау себебі	Билік түрі мен басқару нысаны
<p>Әл-Фарабидің Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактаты бойынша биліктің өркендеуі мен құлдырауының тұжырымы</p>	<p>Биліктен билікке ауысып отырады</p>	<p>Таухид пен кемелдену 1) Қалайша әлем Құдіретті күшпен гармониялық күйде басқарылып тұрса, қалайша жұлдыздар мен күн жүйесі өзара байланысып, бірінің артынан бірі жүріп отырса, ал адам тәні адам жанына бағынышты күйде болуы тиіс болса, дәл солай да мемлекеттер де иерархиялық түрде, осы модельде басқарылып түзілуі тиіс. 2) Даналық пен хикмет тікелей Жаратушыдан дарыған басшы пайғамбар немесе зияткерлік қасиет пен кемелділікке, даналыққа қол жеткізген басшы философ, хәкім. 3) Ізгілік пен имандылыққа, бақыт пен кемелділікке ұмтылған тұрғындар - керемет бақыт пен ізгілік сезіміне жаратушы мен жаратылыстың кемелдену заңдарын жіті түсініп, мойынсұну арқылы қол жеткізген.</p>	<p>Таухид пен кемелденуді елемеушілік 1) Шынайы бақыт деген не екенін білмейді 2) Талпынбайды, ол туралы ойланбайды 3) Сенбейді 4) Игіліктің не екенін дұрыс түсінбеу 5) Тәннің ләззатына ұмтылу 6) Тек дәулет пен байлыққа ұмтылу 7) Тек сауық-сайранға құштарлық 8) Тек мақтан мен мадаққа ұмтылу 9) Тек мансапқа ұмтылу 10) Өз құштарлығы мен қалауын тежей алмау</p> <p>Таухид пен хақты таниды, ізгі көзқарас пен бақыттың не екенін біледі, біле тұра надан секілді әрекет етеді. Өнегесіздік пен бұзықтық. 1) Иман әлсіздігі 2) Моральдік деңгей төмендігі 3) Пасықтық 4) Солқылдақтық 5) Тұрақсыздық 6) Сөзі мен ісі сәйкес келмеу</p> <p>Таухид пен тура жолдан адасқандар 1) Таухид жайындағы түсінігі бұрмаланған 2) Бақыт туралы</p>	<p>Толық мәніндегі қоғамдар үш түрлі болады: 1) Ұлы қоғам - жер бетін мекендейтін барша адамзат қоғамдарының жиынтығы. 2) Орташа қоғам – қандай болсын бір халық түріндегі қоғам. 3) Шағын қоғам - қайсыбір халық мекендейтін аймақтың белгілі бөлігін алып жатқан қайсыбір қала тұрғындарынан құралған қоғам.</p> <p>Толық емес мәніндегі қоғамдар: 1) Қыстақ тұрғындарынан құралған және орам жұртшылығының жиынтығы. 2) Көше тұрғындарының жиынтығы. 3) Бір үйде тұратындардың жиынтығы (төменгі саты) Қыстақ қалаға қызмет ететіндіктен, ал орам құрамдас бөлігі болғандықтан бірге алып қарағанда қалаға жатады. Көше орамның, үй көшенің, қала мекеннің, халық - жер жүзін мекендеушілер жиынтығының бір бөлігі. Асқан игілік пен ең биік кемелділік дәрежесіне ең алдымен - қала жетпек. Бұл жерде қала тек</p>

			көзқарасы қате 3) Адаққан ілімімен әрекет етеді 4) Жалпы жаратылыс жөніндегі түсінігі теріс	бүгінгі түсініктегі әкімшілік территориялық бөлініс ретіндегі қала емес, қала – мемлекет ұғымында. Қала екі түрлі: 1) Қайырымды қала 2) Надан қала
Ибн Халдунның Мұһаддімаһ бойынша биліктің өркендеуі мен құлдырауының тұжырымы	120 жыл	1. Күшті Асабия 2. Субъектілерді толықтай бақылау астында ұстау және олардың бағыныштылығы, 3. Салық жинау, 4. Өзге елдерге елші жіберу 5. Өз шекаралық аумағын қорғау (әскери күштің үстемдігі), 6. Өз елінде өзге күшті биліктің болмауы	1. Күшті асабияны жоғалту 2. Сән-салтанатқа алдану, үйренісіп қалу 3. Тиімсіз басқару 4. Көңіл тоқтық 5. Жаттықпаған әскер 6. Әлсіз экономика	1. Династия 2. Мемлекет 3. Империя 4. Өркениет

Қорытынды. Қорыта келгенде, біздің ойымызша, әл-Фараби де, Ибн Халдун да ислам ғалымдары ретінде мемлекеттілік пен әділеттілік мәселесіне тәухид тұрғысынан, ислами көзқараспен қарағандығы айқын. Бұған дәлел, мысалы әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы» трактаты» мен Ибн Халдунның «Мұһаддімаһ» еңбектерінде ақылдың дәлелдемелері арқылы трансцендентті әлем мен құдайдың барлығын адамның дәлелдеуі мүмкін еместігін алға тарта отырып, дегенмен олардың бар екендігіне күмәнданбайды. Олар адам жанының өлмейтіндігіне сенеді әрі өзінің сенімін таза логикалық пайымдармен негіздейді. Олардың пайымдауынша, өмірде адамның өмір сүруі – соншалықты ақылға қонымды әрі ұғынықты, тіпті, ажал оның толықтай жойылып кетуін білдіреді деген ойдың өзі абсурд болып табылады. Әлемдегінің барлығы бір бірімен байланысты әрі мақсатты түрде; адамды осыншама ақыл-ойға және рухани қабылдаушы қабілеттерге бөлеудің қажеті қанша, егер де осының бәрі ажалмен жоқ болып кететін болса.

Олар өмір сүрген дәуірдегі араб философиясының құдайдың бар екендігіне дәлелдері екі түрде болатын – екеуі де космологиялық. Оларды платондық түрдегі аргументтер мен аристотелдік кейіптегі аргументтер. Платондық дәйек әлем жаратылған, яғни жаратушы бар дегенді алға тартады.

Аристотелдік дәйектердің дені әлем мәңгі деген негізден бастау алады. Әлемді эмпирикалық тұрғыдан зерттей келе, философтар мынандай қорытындыға келеді: а) Әлемде өмір сүруші әрбір форманың өз себебі бар; б) егер де әлем мәңгі болса, онда себеп пен салдар сериясы (топтамасы) да соңсыз болуы тиіс. Содан келіп, олар себептердің соңсыз айналымы, қайталануы мүмкін еместігін айта келіп, барлық себептердің бір алғашқы басы бар, яғни, құдай бар деген қорытындыға келеді.

Әл-Фараби мен Ибн Халдун осы екі жолды да қатар алып, өзіндік бағытпен жүреді әрі құдайдың бар екендігіне, ақырет пен пайғамбарлардың бар екендігіне сене отырып, Әл Фараби мен Ибн Халдун дінді адамның ақлақ пен адамгершілік тұрғысынан кемелдену ісі деп қана қараған.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Findikoğlu, Ziyaeddin Fahri (1951) *İbn Haldun'da Tarih Telakkisi ve Metot Nazariyesi. İstanbul:Ucler Basımevi, sayfa 69-71.*

2. С.М. Бациева «Историко-социологический трактат Ибн Халдуна «Мукаддима»», Академия Наук СССР Институт народов Азии, издательство «Наука», Главная редакция восточной литературы, 1965 г., стр. 3-4, стр 216, стр. 98.

3. Палтөре Б.М. PhD докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ. e-mail: yktyiar@inbox.ru, FTAMP 21.15.47 «ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДЫҢ «ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ» АТТЫ ЕҢБЕГІНДЕГІ АДАМ МӘСЕЛЕСІНІҢ ДІНИ МӘТІНДЕРМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ», Хабаршы. Шығыстану сериясы. №1 (88). 2019, 9-шы бет
4. DERLEYEN(Edi.)Doç.Osman Şimşek, “Tevhidi Düşünce” ve “Toplum Felsefesi” İlmar Yayın No: 3, Ankara-2018, sayfa-57
5. Lutfi Sunar and Faruk Yashicimen, *The Possibilities of New Perspectives for Social Sciences: An Analysis Based on Ibn Khaldun’s Theory of Umran**, *Asian Journal of Social Science* 36 (3-4):408–433, 2008, Istanbul University and Bilkent University
6. Б.Ф. Гафуров., А.Х. Қасымжанов. Әбу Насыр Әл-Фараби: «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» 1-ші том, 26-шы тарau. – Алматы, 2019. – 248 б.
7. Hazirlayan. Süleyman Uludağ, *Ibn Haldun, Mukaddime 1, Birinci bölüm, Genelde beşeri umran, Birinci Mukaddeme, Dergah yayınları: 85/1. – İstanbul,2014, sayfa 211-216.*
8. Davutoğlu, Ahmet *Alternative Paradigms: The Impact of Islamic and Western Weltanschauungs on Political Theory. Lanham, MD: University Press of America. (1997) “Medeniyetlerin Ben-İdraki”. Divan 2(3): 1–53.*

References:

1. Findıkoğlu, Ziyaeddin Fahri (1951) *İbn Haldun’da Tarih Telakkisi ve Metod Nazariyesi. [Historical Conception and Theory of Method in Ibn Khaldun]. İstanbul:Ucler Basımevi, sayfa 69-71. [in Turkish]*
2. S.M. Batsieva “Istoriko-sotsiologicheski traktat Ibn Halduna “Mukaddima” [“Historical and sociological treatise of Ibn Khaldun” Mukaddima], *Akademia Nauk SSSR Institute narodov Aziy, izdatelstvo “Nauka”, Glavnaya redaksiya vostochnoi literatury,1965, p. 3-4, p. 216, p. 98. [in Russian]*
3. Paltore I.M. PhD doktory, Al-Farabi atyndagy Kazakh ulttyk universiteti, Kazakhstan, Almaty e-mail: yktyiar@inbox.ru, GTAMP 21.15.47 "Abu Nasyr Al-Farabidyng "Kayrymdy kala turgyndarynyng kozkarastary" atty enbegindegi adam maseselin dini matindermen sabaktastygy. *Shygystanu series. No. 1 (88). 2019, page-9 [in Kazakh]*
4. DERLEYEN(Edi.) Doç.Osman Şimşek, “Tevhidi Düşünce” ve “Toplum Felsefesi,” [Thought of Tawhid and Philosophy of Society] İlmar Yayın No: 3, Ankara-2018, sayfa-57 [in Turkish]
5. Lutfi Sunar and Faruk Yashicimen, *The Possibilities of New Perspectives for Social Sciences: An Analysis Based on Ibn Khaldun’s Theory of Umran**, *Asian Journal of Social Science* 36 (3-4):408–433, 2008, Istanbul University and Bilkent University [in English]
6. B.G. Gafurov., A.H. Kasymzhanov. *Abu Nasyr Al-Farabi: "Kayrymdy kala turgyndarynyng kozkarastary turaly traktat" 1-1-shi tom, 26-shy tarau . Almaty. 2019.-p 248. [in Kazakh]*
7. Hazirlayan. Süleyman Uludağ, *Ibn Haldun, Mukaddime 1, Birinci bölüm, Genelde beşeri umran, Birinci Mukaddeme, Dergah yayınları: 85/1, İstanbul-2014, sayfa 211-216.[in Turkish]*
8. Davutoğlu, Ahmet (1994) *Alternative Paradigms: The Impact of Islamic and Western Weltanschauungs on Political Theory. Lanham, MD: University Press of America.- (1997) “Medeniyetlerin Ben-İdraki”. Divan 2(3): 1–53. [in English]*